



Ұлыстың Ұлы күні Құтты болсын!



ЗАҢ

✉ zangazet@mail.ru

№22 (3651)
19 наурыз 2024



газеті

ZANMEDIA.KZ

Қоғамдық-саяси, құқықтық газет

• БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ, Қазақстан Республикасының Президенті:

«АДАЛ АДАМ – АДАЛ ЕҢБЕК – АДАЛ ТАБЫС»



Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың төрағалығымен Атырау қаласында Ұлттық құрылтайдың үшінші отырысы өтті. Жайық жағасына жиналған қауым ел дамуына серпін берер көптеген келелі мәселелерді ортаға салып, оны шешудің жолдарын талқылады. Мемлекет басшысының Ұлттық құрылтайда жасаған баяндамасындағы басты мәселелер мен негізгі басымдықтарды газет оқырмандарына ықшамдап ұсынып отырмыз.

(Соңы 2-бетте)

• АЕБІЗ

АРМЫСЫҢ, ӘЗ-НАУРЫЗ!

Құрметті өріптестер!
Ардақты ардагерлер!

Көптен күткен көктемгі Наурыз мейрамын қарсы алып отырмыз.

Наурыз – Шығыс халықтарының ерекше мерекесі, көктем мезгілінде күнтізбелік жыл басталып, дәстүр бойынша көктемгі күн мен түн теңеліп, күн шуағы мен жылулық қатар келеді. Мұның астарында үлкен даналық, терең философиялық мән-мағына бар. Ақиқатында, келешек өнімнің қандай болары, жаңа жоспарлардың жүзеге асырылуы, сондай-ақ жылдың жан-жақты молшылыққа толы болуы осы мезгілге байланысты.

Сондықтан Наурыз мейрамы – жаңа жылдың басы, табиғаттың қайта түлеп, жанданып, оянатын мерекесі ретінде ұлан-асыр думанға ұласады. Бұл мереке түрлі этностар мен ұлт өкілдеріне ортақ мереке. Наурызды Қазақстанның барлық халқы атап өтеді, өйткені оның негізі қарапайым халыққа түсінікті әрі қымбат.

Ата-бабаларымыздың дала құқығы дәстүріне енген халық даналығы өкпе-ренішті кешіріп, құрмет пен шыдамдылық танытуға баулиды. Баяғыдан келе жатқан адамгершілік мұраттар бір-бірімізге деген сенім мен сыйластықта өмір сүріп, біздің жарқын болашағымызға үлкен үмітпен және игі мақсаттармен ұмтылуға шақырады.

Заң мен құқыққа негізделген қоғамды нығайтуға күш-қуаты мен білімін жұмсаған ардагерлеріміздің еңбегі орасан зор.

Қадірлі біздің ардагерлер, бүкіл судьялар корпусы, сот аппараты қызметкерлері, Сіздерді көктемнің көрікті мерекесі – Наурыз мейрамымен құттықтай отырып, баршаңызға бірлік-ынтымақ, бақ-береке, дендеріңізге саулық, жарқын болашақ тілейміз.

Наурыз мейрамы құтты болсын! Ақ мол болсын! Аспанымыз ашық, еліміз тыныш, тоқ болсын! Жамбыл бабамыз айтқандай «Жігерлі болса ер болар, бірлікті болса – ел болар». Бірлігіміз берік, тірлігіміз серік болсын!

Сәкен АБДОЛЛА
Қазақстан Республикасы
Судьялар одағының төрағасы

• КӨЗҚАРАС

НАУРЫЗ ШЫНАЙЫ ЖАҢҒЫРУ СИМВОЛЫНА ҚАШАН АЙНАЛАДЫ?

Наурыз мерекесі қарсаңында Қазақстан қоғамында жыл сайын оны өз деңгейінде өткізуге қатысты қызу пікірталас жүреді. Бұл мәселе, тіпті Парламент төрінде де сөз болып, депутаттар Премьер-Министрден бастап, уәкілетті орган басшыларының бәрінің атына сауал жолдап жатады. Оған әркім өз деңгейінде жауап беріп, сұраушы да, жауап беруші де соған қанағаттанғандай болады.

Айтылған сөз бен берілген уәде сол жерде қалып, ешкім ешнәрсені өзгертпегенін жұртшылық та көріп, естіп, біліп жүр. Оған тек бой үйрете алмай жүрген депутаттардың өздері ғана. Мәселен, биыл қаңтар айында сенатор Әлі Бектаев Үкімет басшысына жолдаған сауалында: «Жаңа жылды қарсы алу жылдан-жылға күрделеніп, жай отбасылық мерекеден ауқымды материалдық шарға айналып бара жатқаны жасырын емес. Үлкен қалаларда, облыс, аудан, орталықтарында орна-тылған алып аршалар, мұз қалашықтары, атылған

отшашулар мемлекет қазынасына салмақ түсіріп, тұрғын үй кешендерінде атылып жатқан пиротехникалар қуаттылығы жағынан адамға үрей тудырып, материалдық зақымдар келтіруде. Өткізіліп жатқан ұжымдық корпоративтерді талдамай-ақ қояйық. Дегенмен, Жаңа жылдық шараларда ысырапшылық пен даңғазалық басым болып бара жатқаны анық», – деп Қазақстанда Жаңа жылды атап өтудің ерекше идеологиялық, әлеуметтік негізін қалыптастыратын уақыт келгенін айтты.

Біріккен Ұлттар ұйымы Бас ассамблеясының

қарарына сәйкес Халықаралық дәреже алған, ал UNESCO-ның шешімімен адамзаттың материалдық емес, мәдени мұра тізіміне енгізілген Наурыз мейрамы – халқымыздың қанына сіңген, жанына жақын, рухына лайық мереке. Мемлекет басшысы да «Наурыз – жаңару мен жаңғырудың символына айналуы тиіс» дегенін еске салып, ұсыныстарын берді.

Оның біріншісі, мемлекетімізде балабақшадан бастап, барлық оқу орындары мен еңбек ұжымдарында, әрбір отбасында Наурыз мерекесін дәріптейтін, дәстүрге енгізуге мұрындық болатын, әр азаматтың санасына сіңдіре білетін жалпы ұлттық концепция қабылдау керек. Наурыз – көл-көсір дастарқан жайып, жүздеген киіз үй тігіп, ысырапшылыққа жол беретін мейрам емес, әр отбасына, әр ауылға, әр өңірге рухани нәр беретін жаңашыл мерекеге айналуы керек.

Екінші, Наурыздың тарихын, рухани құндылығын, оның әр дәстүрінің символикалық мәнін, ізгі амалдарының тәрбиелік мағынасын, татулық пен бірліктің негізін зерттейтін, қалың бұқараға жеткізетін ғылыми орталық қалыптастыру маңызды.

Үшінші, әр жылдың экономикалық, статистикалық қорытындысы алдағы ақпан-наурыз айларында шығатынын ескере отырып, Наурыз мерекесінің қарсаңында өткен жылды қорытындылап, еңбек ұжымдары мен еңбек озаттарын марапаттау дәстүріне айналуы тиіс. Тіпті Наурыз айы еңбек адамын дәріптеу айы болғаны дұрыс.

Төртінші, мереке қарсаңында тұрмысы төмен отбасыларды әлеуметтік қолдауды, мүмкіндігі шектеулі азаматтарға көмектесуді жалпы халықтық акцияға айналдыру қажет. Еріктілер қауымдастығының ерекше пәрмені де осы жерде көрінуі тиіс. Наурыз мейрамы қарсаңында балалардың тауарларына жеңілдіктер жасау да кәсіпкерлер үшін кісілік келбетке лайық болар еді.

Бесінші, еліміздің халықаралық гуманитарлық көмек көрсету миссиялары да, Наурыз мерекесінің алдында жүргізілсе, әлемнің назары ауатыны анық.

(Соңы 2,3-беттерде)

• ПӘРМЕН

ИНВЕСТИЦИЯ ТАРТУ ӨЗЕКТІ

Батыс Қазақстан облысының әкімі Нариман Төреғалиев өткізген жиын барысында өңірге инвестиция тарту мәселесінің маңыздылығына баса назар аударылды.

Батыс Қазақстан облысы кәсіпкерлік басқармасының мәліметіне сәйкес, өңірге инвестициялар тарту аясында өткен жылы 45 жоба іске қосылған. Осының аясында 1 мың жаңа жұмыс орны ашылған. Жалпы алғанда, 2023 жылдың қорытындысы бойынша негізгі капиталға салынған инвестициялар көлемі 16,4%-ға өсіп, 645,6 млрд теңгені құрап отыр. Оның басым бөлігі – Қарашығанақ кен орны арқылы тартылған инвестициялар.

Ал, облысқа қарасты қалалар мен аудандар, басқармалар тарапынан инвестиция тарту бағытындағы жұмыс баяу жүргізілуде. Мәселен, аудандардың жартысынан көбі жалпы құны 1

млрд теңгеге жетпейтін инвестжобалар ұсынса, оның ішінде Бөкей ордасы, Қаратөбе, Қазталов, Шыңғырлау аудандары ұсынған жобалардың жалпы құны төмен деңгейде (205 млн теңгеден төмен).

Облыс әкімі Нариман Төреғалиев инвестиция тарту жұмыстарының маңыздылығын айта келе, бұл бағыттағы жұмыстарды күшейтуді тапсырды.


«Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев еліміздің мықты өнеркәсіптік негізін қалыптастыру және әр өңірде тиімді инвестициялық жобаларды іске асыруды тапсырған болатын. Сондықтан облыс экономикасын одан әрі артарапандыру, соның ішінде инвестиция тарту бағытында нақты істерді қолға

алуымыз қажет», – деді облыс әкімі. Орал қаласы облыс орталығы болғанына қарамастан, 2023 жылдың қорытындысы бойынша, негізгі капиталға салынған жеке инвестициялар көлемі 6,8%-ға (83 млрд теңге) төмендеген. Сондай-ақ бірқатар аудандардағы көрсеткіштер де көңіл көншітпейді. Облыс басшысы әр аудан әкімінің, әр басқарма басшысының жұмысы тікелей инвестиция тартумен байланысты болуы керек екенін ескертті.

«Инвестиция тарту бойынша жұмыс жүргізбесендер, орындарыңды босатасындар. Мен кадрлық шешім қабылдайтын боламын. Нақты жобалар керек. Нәтиже керек», – деп атап өтті аймақ басшысы.

Айгүл АХМЕТОВА,
«Заң газеті»
БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ

"Қазпочта" арқылы газетке жазылу нұсқаулығы



- 1 "Қазпочта" мобильді қосымшасын жүктеу
Ең алдымен Google Play/AppStore арқылы "Қазпочтаның" ресми қосымшасын жүктеп алыңыз
- 2 "Басылымдарға жазылу" бөліміне өтіңіз
Бұл батырма басты бетте "жаңа" ерекшелік белгісімен көрсетілген
- 3 "Заң газеті" тауып, таңдау
Егер тізімнен табу қиындық тудырса, жоғарыдағы іздеу формасы арқылы іздеп көріңіз
- 4 Қажетті мерзімді таңдау
Газетке қанша айға жазылғыңыз келетінін белгілеп, "Сәбетке қосу" батырмасын басыңыз. Келесі бетте тапсырысыңызды растаңыз
- 5 Төлем жасау
Ыңғайлы төлем әдісін таңдап, төлем жасаңыз

Байланыс нөмері
1499

ЖАРНАМА

ТАРАТУ

2. «Шелек» қоғамдық қоры, БСН 110640017652 (Қазақстан, 040462, Алматы облысы, Еңбекшіқазақ ауданы, Шелек ауылы, Қабылов көшесі, 228 үй), өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Алматы облысы, Еңбекшіқазақ ауданы, Шелек ауылы, Бижанов көшесі, 9Б. Тел. 87758884062.

3. «Казыгурт» қоғамдық қоры, БСН 060240017260 (Қазақстан, 040400, Алматы облысы, Еңбекшіқазақ ауданы, Шелек ауылдық округі, Шелек ауылы, 14 үй), өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Алматы облысы, Еңбекшіқазақ ауданы, Шелек ауылы, Бижанов көшесі, 9Б. Тел. 87758884062.

4. «Сеть НПО Еңбекшіқазақского района» қоғамдық қоры, БСН 091140015426 (Қазақстан, 040400, Алматы облысы, Еңбекшіқазақ ауданы, Шелек ауылдық округі, Шелек ауылы, 14 үй), өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Алматы облысы, Еңбекшіқазақ ауданы, Шелек ауылы, Бижанов көшесі, 9Б. Тел. 87758884062.

5. «Арқалық қаласы әкімдігінің дене шынықтыру және спорт бөлімінің «Жігер» стадионы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны, БСН 990440004279, Арқалық қаласы әкімінің 01.03.2024 жылғы №84 қаулысының негізінде өзінің таратылғаны туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Қостанай облысы, Арқалық қаласы, Горбачев көшесі, 81 ғимарат. Байланыс нөмірі: 87143073127.

7. «Зерек-2023» ЖШС, БСН 230540005927 өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Түркістан қаласы, Біржан сал көшесі, 75 ғимарат. Тел. 8775863261.

8. «АрайНур» ЖШС, БСН 130240033465, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап - шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Қазақстан, пошта индексі 050006, Алматы қаласы, Әуезов ауданы, Сағатова (Алты Алаш) көшесі, 29 үй.

13. «КазАгроТехнологии» ЖШС (БСН 091140005885) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: 020000, ҚР, Ақмола облысы, Көкшетау қаласы, Ш. Уәлиханов көшесі, 197Б.

14. «Жібек Қаржы» кредиттік серіктестігі» ЖШС (БСН 150740026335) өзінің таратылатындығы туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Қазақстан, Қызылорда облысы, Арал ауданы, Арал қаласы, Сарғай батыр көшесі, 8.

17. «Холдинг ҚҰС-ЖОЛЫ» ЖШС, БСН 060340020362, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Астана қаласы, Сарыарқа ауданы, Бөгенбай батыр даңғылы, 4/1, 43 пәтер.

18. «Astana - Systems» ЖШС, БСН 150340020282, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Астана қаласы, М. Ғабдуллин көшесі, 6/1 үй, 84 пәтер, тел. 87029749426.

19. «Алтын-Шығыс» ЖШС, БСН 160240027812, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жария-

ланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Өскемен қаласы, Сағадат Нұрмағамбетов көшесі, 49/1, 5 кеңсе. Тел. +77082810429.

20. «KLR Kazakhstan (KLP Казахстан)» ЖШС, БСН 160240018229, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Алматы қаласы, Абай даңғылы, 143, офис 516, тел. +77017102950.

ӘРТУРДІ

6. МАЭС-нің 2024 жылғы 7 наурыздағы ұйғарымымен «Нор-Ачин» ЖШС-не қатысты, БСН 131040001899, оңалту рөсімін қолдану туралы азаматтық іс қозғалды. Талаптар мына мекенжайда қабылданады: Астана қаласы, «Көктал» тұрғын үй алабы, Абайдың 150 жылдығы көшесі, 4/1 үй.

11. Еңбекшіқазақ ауданы әкімдігінің 2024 жылғы 13 наурыздағы №265 қаулысына сәйкес, «Еңбекшіқазақ ауданының кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімі» мемлекеттік мекемесі (БСН 111240021400) бөлу және қайта құру ұйымдастырылады. Жоғарыда аталған мекемені бөлу жолымен «Еңбекшіқазақ ауданының кәсіпкерлік бөлімі» мемлекеттік мекемесі (БСН 111240021400) және «Еңбекшіқазақ ауданының ауыл шаруашылығы бөлімі» мемлекеттік мекемесі құрылады. Талаптар бір ай мерзім ішінде келесі мекенжай бойынша қабылданады: Қазақстан Республикасы, Алматы облысы, Еңбекшіқазақ ауданы, Есік қаласы, Жамбыл даңғылы, 21А, тел. 8(72775)72353.

15. Солтүстік Қазақстан облысы, Қызылжар аудандық сотында Татьяна Николаевна Ювконың 27.06.1965 жылы туған Борис Петрович Ювконы хабарсыз кетті деп тану туралы арызды бойынша азаматтық іс қозғалды. Борис Петрович Ювко Ленинград қаласының тумасы, бұрынғы тұрған жері: Солтүстік Қазақстан облысы, Қызылжар ауданы, Бескөл ауылы, Куйбышев көшесі, 22 үй. Азамат Ювко Борис Петрович Ювконың тұрғылықты жері туралы мәліметтері бар жандардың осы хабарландыру жарияланған күннен бастап үш ай мерзім ішінде СҚО, Қызылжар ауданы, Бескөл ауылы, Комаров көшесі, 1, тел. +7(71538)21562 мекенжайындағы сотқа және СҚО, Қызылжар ауданы, Бескөл ауылы, Куйбышев көшесі, 22 үйде тұратын Т.Н. Ювкоға 87088202820 телефоны арқылы хабарлауын сұраймыз.

21. Алматы облысы, Жамбыл ауданы, Ұзынағаш ауылы, Қараш батыр көшесі, 117 В үй мекенжайында орналасқан «Жамбыл ауданының кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімі» ММ-нен (БСН 101240000941) «Жамбыл ауданының кәсіпкерлік бөлімі» ММ-сін бөліп шығару жолымен қайта құрылады, ал «Жамбыл ауданының ауыл шаруашылығы бөлімі» ММ болып қайта аталатыны туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап тиісті заң талаптарына сәйкес мына мекенжай бойынша қабылданады: Алматы облысы, Жамбыл ауданы, Ұзынағаш ауылы, Қараш батыр көшесі, 117 В үй. Тел. 8(72770)21836, 8(72770)21776.

22. Алматы облысының Еңбекшіқазақ аудандық соты азаматтық қайтыс болды деп тану туралы азаматтық іс қозғады. Арызданушы Екатерина Александровна Априлова соттан Алматы қаласының тумасы, 1980 жылы 3 шілдеде туған өгей інісі Константин Анатольевич Конкинді өлді деп тануды сұрайды, өйткені соңғы 15 жыл ішінде К.А. Конкиннің тағдыры туралы ешқандай хабар жоқ. Оның соңғы тұрғылықты жері: Еңбекшіқазақ ауданы, Бөйтерек ауылы, Талғар т., №14, 5 пәтер. 03.07.1980 жылы туған Константин Анатольевич Конкиннің қайда жүргенін, қайда тұратынын білетін тұлғалар болса, осы хабар жарияланған күннен бастап үш ай мерзім ішінде Еңбекшіқазақ ауданы, Есік қаласы, Әбдиев көшесі, 194, мекенжайына не 8(72775)40393; 8(72775)42660 телефондарына хабарласуы сұралады.

23. Рудный қалалық сотында Боровское ауылы, Гоголь көшесі, 51 үй мекенжайында тұратын Шимф Наталья Валерьевнаның өтініші бойынша 1972 жылы 9 маусымда туған, Қостанай облысының тумасы

Шарпило Андрей Валерьевичті қайтыс болды деп жариялау туралы азаматтық іс қозғалды. Соңғы белгілі тұрғылықты жері: Рудный қаласы, 8 наурыз көшесі, 50А үй. 1972 жылы 9 маусымда туған Шарпило Андрей Валерьевич туралы мәліметтерді білетін адамдардың хабарландыру жарияланған күннен бастап үш ай мерзімде Рудный қалалық сотына хабарлауды сұраймыз. Мекенжайы: Рудный қаласы, Володарский көшесі, 190 үй, тел. 87058791611, электрондық пошта: 714-2680@sud.kz.

МҰРАҒЕРЛІК

9. 2023 жылы 8 қыркүйекте қайтыс болған Айдарбеков Рахменберді Әуезбекұлының артынан мұралық іс ашылды. Мұрагерлері немесе мұра туралы білгісі келгендер нотариус Ф.А. Шардарбековке келуі керек. Мекенжайы: Қызылорда облысы, Шиелі ауданы, Шиелі кенті, Т.Рысқұлов көшесі, 5 ғимарат. Тел. 87022334499.

10. 2023 жылы 22 қаңтарда қайтыс болған азамат Сейдалиева Айнура Шарипуллаевнаның артынан мұралық іс ашылды. Барлық мұрагерлер мұраны қабылдау үшін нотариус А.А. Бердигалиеваға хабарлауларын сұраймыз. Мекенжайы: Астана қаласы, Қабанбай батыр даңғылы, 40 үй, 47 кеңсе, тел. 87014896969.

12. АҚПАРАТТЫҚ ХАБАР

Ақсуат ауданы әкімдігі ауыл шаруашылығы өндірісін, шаруа немесе фермер қожалығын жүргізу үшін жер телімдерін жалға беру жөнінде конкурс өткізеді.

Конкурсқа қатысуға өтінім және конкурстық ұсыныстар Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 20 маусымдағы Жер кодексінің 43-1-бабының талаптарына және Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрі – Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі орынбасарының 2018 жылғы №518 бұйрығымен бекітілген «Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурсты ұйымдастыру мен өткізу» қағидаларына сай келуі тиіс.

«Семей таңы» газетінің 2024 жылғы 3 ақпандағы №15 (19482) санында конкурс жарияланған. Конкурсқа өтінімдерді қабылдау және тіркеу 2024 жылы 4 наурыздан бастап он бес жұмыс күн ішінде жүзеге асырылады. Мекенжайы: АО, Ақсуат ауданы, Ақсуат ауылы, Абылай хан көшесі, 13, «АО, Ақсуат ауданының ауыл шаруашылығы, жер қатынастары және кәсіпкерлік бөлімі» мемлекеттік мекемесі, 110 кабинет, тел. 8(72346)21043.

Ескертпе

Конкурстық өтініштерімен конверттерді ашу және қорытындыларын шығару 2024 жылдың 29 наурыз күні сағат 10.00-де Ақсуат ауылы, Төлегетай баба көшесі, 1, мекенжайы бойынша (аудан әкімінің ғимаратында) өтеді.

«Семей таңы» газетінің 2024 жылғы 8 ақпандағы №17 (19484) санында конкурс жарияланған. Конкурсқа өтінімдерді қабылдау және тіркеу 2024 жылдың 11 наурыздан бастап он бес жұмыс күн ішінде жүзеге асырылады. Мекенжайы: АО, Ақсуат ауданы, Ақсуат ауылы, Абылай хан көшесі, 13, «АО, Ақсуат ауданының ауыл шаруашылығы, жер қатынастары және кәсіпкерлік бөлімі» мемлекеттік мекемесі, 110 кабинет, тел. 8(72346)21043.

Ескертпе

Конкурстық өтініштерімен конверттерді ашу және қорытындыларын шығару 2024 жылдың 4 сәуірі күні сағат 10.00-де Ақсуат ауылы, Төлегетай баба көшесі, 1, мекенжайы бойынша (аудан әкімінің ғимаратында) өтеді.

БАШҚОРМҒЫҚ

16. Астана қаласы МАЭС-ның 2024 жылғы 4 наурыздағы ұйғарымымен «Emar Company» ЖШС өтініші бойынша «НордСтройКЗ» ЖШС-н банкрот деп тану туралы азаматтық іс қозғалды.

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:

Алматы қаласы
Тел.: 8(727) 292-43-43,

8 (708) 929-98-74

E-mail:
zanreklama@mail.ru

ЖАРНАМА ҚАБЫЛДАЙТЫН ОРЫНДАР:

«Media page kz» ЖК, ZANGAZET.KZ - Алматы қаласы, Ақтоқын көшесі, 4Б, 2 қабат, 3 кеңсе, www.zangazet.kz, WhatsApp: 8 707 388 40 80.

ИП «Profy Agency kz»
Тел. 8 705 185 75 73, 8 701 739 27 83, 8 747 280 09 12, 8 707 895 21 99.
г. Алматы, пр.Абылай хана, 60, оф.509
e-mail: zan-info@mail.ru, www.zan-info.kz

«KAİROS» ЖК, Алматы қаласы, Жібек жолы даңғылы, 55, Пушкин көшесімен қиылысы, «Алма» СО, 4 қабат, ресепшн, тел.: 271-49-39, 8707 705-92-22. E-mail: kaldybaeva@mail.ru. Барлық хабарландыруды What's app бойынша қабылдаймыз.

ЖК «Gold Capital» Нұр-Сұлтан қ., Абай көшесі, 78, 105-кеңсе. Тел.: 8 (7172) 52-02-11, 8(702)839-90-86.

«Sokrat-PV» Юридическое агенство» ЖШС, Павлодар қаласы, Крупская көшесі, 61, кеңсе 23. Телефон: 87027159520; 87182221266 (жұмыс).

«Назар-1 фирмасы» ЖШС («РУТА» ЖА), директоры Кривилова Татьяна Ивановна. Шымкент қ., Г.Ильяев көшесі, 47 (Шымкерден о.к. бұрышы) РВК банктің жанында. Тел.: 8 (7252) 53-40-48. WhatsApp: +7-705-705-31-31. E-mail: nazar.reklama@gmail.com

ЖК «Trade and service», Алматы қ., ш/а Жетісу-3, 55/133.

ЖК «Аюбаева», Қарағанды қ., Жамбыл көшесі, 11. Тел.: 8 (7112) 42-00-71.

«Грация» ЖШС, Атырау қаласы, Махамбетов көшесі, 107-а, 2-бөлме, тел.: 32-14-29, 30-65-24, 8701 920 4538.

«ЮрСлужба» ЖШС, Көкшетау қ., Е. Әуелбеков көшесі, 129. Тел.: 8 (7162) 25-77-17, 8(747) 8097074.

«Версия-Пресс» ЖШС, Павлодар қ., Естай көшесі 40. Тел.: 8 (7182) 32-47-67, 32-49-04

Қалиасқаров Нұрлан Нұрсисыңұлы ЖК, Петропавл қ., К.Сүтпұлов көшесі, 58, 30-бөлме, 3-қабат. Тел.: 8 (7152) 46-02-57, ұялы тел.: 8 (777) 572-29-91, 8 (701) 315-54-59.

ЖК «Бакирова Г.», Шымкент қ., Желтоқсан көшесі, 18. Әділет Департаментінің жанында. Тел.: 8 705 714 58 77.

Михеева Ольга Станиславовна ЖК, Қостанай қ., Гоголь көшесі, 110, ВП 67 (Чехов-Гоголь көш. қиылысы). Тел.: 8-714-2-50-97-07, ұялы тел.: 8-7758847211, 8-7053506918.

«Озат-1» ЖШС, Ақтөбе қ., Алтынсарин көшесі 31. Тел.: 8 (7132) 40-41-05, ұялы тел.: 87774348344 және Ақтау қаласы.

ЖК «SAPA KZ» Атырау қаласы, ұялы тел.: 87781063779, e-mail: zan-at@mail.ru.

«Юридическая фирма «Консультант» ЖШС Орал қ., Л.Толстой көшесі, 28. Тел.: 8 (7112) 50-88-05.

«Реклама» ЖШС, Орал қ., Достық-Дружба даңғылы, 182. Тел.: 8 (7112) 50-47-34.

«Компания Жете» ЖШС, Талдықорған қ., ш/а, Молодежный 3-үй, 1-п. Тел.: 8(7282) 24-29-66, 87058147221.

ЖК Гавриленко И.И., Қостанай қ., пр. әл-Фараби 119-үй, 407-А бөлме. Тел/факс: 8 (7142) 53-63-21.

«Жас Отау» ЖК Қыдырбаева Н.Н. Қызылорда қ., Әйтеке би көшесі, 27. Тел.: 26-45-89, ұялы тел: 8 (777) 402-28-28; 8 (700) 332-24-78

ЖК Тажиева, Тараз қаласы, Қойкелді көшесі 158 а, ХҚО аумағы. Ұялы тел.: 87017268772, 87054422939.

ЖК Новоселова Лилия, Петропавл қаласы, Қазақстан Конституциясы көшесі, 28-үй, 1-қабат. Тел.: (87152) 46-74-77, 8-777-228-64-13.

ЖК «Reklam Service», Тараз қаласы, Төле би көшесі, 73 (ауладан кіру). Тел.: 8(7262)502222, ұялы тел: 87019457336 Татьяна.

ЖК «Вудай», Өскемен қаласы, 60. Тел.: 8(7232) 578414, ұялы тел.: 87772256506.